

**8D10103 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Жанар Болатбековна Абуованың «Офтальмологияда жаңа дәрілік затты қолдануды эксперименттік негіздеу» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, PhD доктор, доцент Тургумбаева Акнур Аманбековнаның ПІКІРІ**

Жанар Абуованың диссертациялық жұмысының тақырыбы қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі Ұлттық дәрі-дәрмек саясатын іске асыру, халықты сапалы, қауіпсіз және әсері жоғары дәрілік препараттармен қамтамасыз ету, жаңа дәрілік заттарды іздеу, Отандық фитопрепараттарды фармацевтикалық өңдеуге және фармакологиялық әсерін толыққанды зерттеуге (көзге арналған дәрілік түрлердің микробқа қарсы және эксперименталды жасалған көздің құрғау синдромы кезіндегі иммунологиялық көрсеткіштердің өзгерістеріне жаңа дәрілік препараттың әсерін анықтау) арналған.

Диссертант Қазақстанда тіркелген көзге арналған дәрілік түрлерге толық шолу жасады. Зерттеу нәтижесінде анықталғанындай қазіргі уақытта Қазақстанда көз ауруын емдеуге арналған 7546 дәрілік заттардың 225-і тіркелген, әртүрлі елдердің 47 фармацевтикалық компаниясы шығарған. Өнеркәсіпте өндірілетін офтальмологиялық препараттардың номенклатурасы өте кең және 48 белсенді затпен (ХПА) ұсынылған.

Ғылыми зерттеу барысында алғаш рет қазақстандық мақсары өсімдігінен көзге арналған дәрілік түрлер (көзге арналған жақпа май, көзге арналған тамшылар және көзге арналған эмульсия) ҚР Фармакопеялық талаптарына сай дайындалды.

Көзге арналған дәрілік түрлерді дайындауда қолданылған көмірқышқыл газының сығындысын алу *Carthamus tinctorius*, 1000 г кептірілген өсімдіктен, CO<sub>2</sub> экстракциясының субкритикалық жағдайында 13 сағат бойы 45-52 атм және 19-22 С-та қара қоңыр түсті сығынды алынды. Осы ғылыми жұмыстардың ғылыми жаңалығы көзге арналған тамшылар және эмульсияның алыну жолы ұсынылды. 25.06.2021 ж. Қазақстан Республикасының пайдалы модельге мемлекеттік тізілімінде тіркелген №6168 «Мақсары (*Carthamus Tinctorius L.*) тұқымынан көз тамшысын алудың тәсілі» патентімен, «Мақсары (*Carthamus Tinctorius L.*) гүлінен көзге арналған эмульсияны алудың тәсілі» №7448 патентімен расталды.

Мақсары (*Carthamus Tinctorius L.*) өсімдігі шикізатынан көмірқышқылды экстрактысы алынды, газды хроматография жүйесін басқару, тіркеу және алынған нәтижелер мен мәліметтерді өңдеу үшін Agilent MSD ChemStation software (1701EA версиясы) бағдарламасы қолданылды. Фитохимиялық зерттеу нәтижесінде 85 кешен анықталды. Оның ішінде линол

қышқылының өте көп мөлшерін – 63,7%, трикозанның – 93%, Е дәруменінің – 3,3% екені белгілі болды.

Зерттеу нәтижелері бірқатар халықаралық ғылыми конференцияларда талқыланды: Клиникалық фармакология бойынша халықаралық сарапшылардың қатысуымен X Бүкілукраиндық ғылыми-практикалық конференция. Винница қаласы, Украина, 7-8 қараша 2019 ж; К.А.Абдуллинді еске алуға арналған «Фармация және стоматологияның басымдықтары: теориядан практикаға» атты халықаралық қатысуымен VIII ғылыми-практикалық конференция. 2019 жылғы 11 қараша; «Клиникалық фармакологияның қазіргі жағдайы және даму болашағы» атты III Орталық Азия конгресі Бішкек, Қырғызстан, 28-29 қазан 2021 ж. және клиникалық фармакология кафедрасында апробациядан өтті.

Докторанттың дайындық деңгейі, докторлық диссертацияны орындау сапасы Жанар Абуованы 8D10103 – «Медицина» мамандығы бойынша PhD дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға мүмкіндік береді.

**Ғылыми кеңесші,  
PhD доктор, доцент**



**Тургумбаева А.А.**